

**«Жылқы шаруашылығы» бағыты бойынша
«ҚР өнімді жылқы шаруашылығын іріктеудің негізгі тетіктері» тақырыбында
өткізілген консультациялар туралы
ЕСЕП**

Өткізу күні:
2025 жыл «12» тамыз

Консультация өткізу орны:
К/Х «Мукинов» Абай облылысы Бесқарағай ауданы,
Табынбаев көшесі №149

Эксперт: _____ Исхан Қ.Ж.
(қолы)

Басқарма Төрағасы- Ректордың
Бірінші орынбасары



_____ П.Ш.Ибрагимов

Есеп құрылымы

1) Кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

«Бағалаудың негізгі (принциптері) жиынтықтығы (комплексность), жылқыны толық (детальность) жете суреттеу мен асыл тұқымды малдың құндылығын және пайдалану бағытының қатал анықтау.

2) Қойылған проблеманы немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс проблемалар шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;

Бағалаудан өткен жылқылар класқа бөлінеді. Белгілі бір тұқымға тән қасиеттерге толық сай келетін ең жақсы жылқылар элита класына, негізінен тұқымға тән қасиеттерді қанағаттанарлықтай келетін жылқылар бірінші класқа, асыл тұқымдық маңызы бар қалған жылқылар белгілі екінші класқа жатқызылады, ал бұл топтарға жатпайтын жылқылар тұқым талабына сәйкестігі келмесе класқа жатқызбайды да тұқымдық мәні жоқ деп есептеледі.

Жылқыны белгілі бір класқа жатқызу үшін бір ғана қасиеті бойынша бір балы кем болса, онда мұндай жылқыны кемшілігін ескеріп, тиісті класқа жатқызады. Мысалы, биенің барлық қасиеттері 7 балмен бағаланады, ал сырт пішіні 6 балмен бағаланса, оның басқа көрсеткіштері бойынша элита класына келіп тұрса да бірінші класқа жатқызады.

Мал өсіру әдістері деп шағылыстырылатын малдың тұқымдық және түрлік тегін ескере отырып, жүргізген жұп таңдау жүйесін айтады. Негізінен мал өсіру әдістерінің үш түрін ажыратады: таза тұқым өсіру, будандастыру және тұраралық будандастыру (гибридтеу).

Таза тұқым өсіру әдісі деп ұрпақтан-ұрпаққа бір тұқымның малын өзара шағылыстыруды айтады.

Будандастыру дегеніміз тұқымдары бөлек малды шағылыстыру.

Тұраралық будандастыру деп екі түрдің малын шағылыстыруды айтады.

Бұлардың әр қайсысы мал тұқымын асылдандыруда нақтылы бір селекциялық мәселені шешуге бағытталған. Олардың биологиялық мәні, генетикалық әсері әр түрлі.

3) Өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың /өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектілеріне ұсынымдарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Жылқы тұқымының шыққан тегін анықтау, малдың бастапқы (алғашқы) зоотехникалық және асылдандыру есебі материалының негізінен анықталады. Жылқының тегі жөнінде мәліметтер болмаса, бағалаудан өткізілмейді және асыл тұқымды мал болып саналмайды. Жылқы тұқымы таза тұқымды және буданға бөлінеді.

Таза тұқым малына аталық, аналық тегінің бір тұқымнан (типіден) шыққан малдарды жатқызады. Таза тұқым өсіру әдіс сапалы, мол өнімді малы бар өндірістік шаруашылықтарда да қолданылады. Мұндай өндірістік

шаруашылық асылдандыру жұмысын жолға қою арқылы, асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылыққа айналуы мүмкін. Сондай-ақ шаруашылықта өсіретін мал тұқымынан артық, басқа тұқым болмаған уақытта да таза тұқым өсіру әдісі қолданылады. Сонымен таза тұқым өсіру әдісі белгілі бір мал тұқымын сақтап, оны одан әрі жетілдіру үшін және таза тұқымды мал санын көбейту үшін қолданылады.

Таза тұқым өсіру әдісінің табысты болуы мынадай басты шарттарға байланысты:

- Өнім шаруашылықтың бағытына, биологиялық қасиеттері жергілікті жер жағдайына, ауа райына сәйкес келетін мал тұқымын таңдай білу.
- Өнімділік және тұқымдық қасиеттері жағынан мал өсіру де алға қойған мақсатқа сай келетін, малдың ең жақсыларын жүйелі түрде сұрыптап өсіру.
- Іріктеліп алынған малдан бір-біріне неғұрлым лайықты аталық және аналық жұптар құрастыру, яғни жұп таңдау.
- Мал тұқымын биологиялық ерекшеліктері мен өнімділік қасиетінің толық дамуына қолайлы мал азықтандыру, бағып-күту жағдайын жасау.
- Таза тұқым өсірудің жоғары дәрежелі күрделі түрі, мал тұқымы ішінде өзіндік ерекшеліктері бар топтар- аталық ізбен аналық ұялар құру және оларды мал тұқымын жақсарту бағытында тиімді пайдалану.

4) кеңес беру фотосуреттері



